

Кіріспе.

Ауруханаішілік инфекцияға микробты этиологиялық аурулар жатқызылады, ондай аурулар ауруханаға келген науқастарда немесе емделуге келетіндерге, не жұмыс кезінде жұқтырып алатын аурухана қызметкерлерінде пайда болады. Мұның барлығы негізгі аурулар ағымын тездетіп, науқас өміріне қауіп тудырып, госпитальдегі науқастардың емделу уақытын ұзартады және үлкен қосымша экономикалық дағдарысқа әкеліп соғады.

Аурухана ішілік инфекция туралы түсінік

- " Аурухана ішілік инфекция" - ауру симптомдары ауруханада болған уақытында немесе одан кейін болған жағдайға қарамастан науқастарды ауруханаға түскен және емдеу көмегіне барған нәтижесінде немесе осы мекемедегі қызметшілерді зақымдайтын әрбір клиникалық байқаланатын жұқпалы аурулар".

ДДУ (Дүниежүзілік
денсаулық
сақтау
ұйымының

Еуропа бюросы)1979 ЖЫЛ.

Ауруханаішілік инфекцияның басты себебі:

1. Дәріге тұрақтылығымен веруленттілік қасиеті бар стафилакокк пен грам (-) бактериялардың аурухана мекемесінде көбеюі

2. Медицина қызметкерлерінің арасындағы, әрдайым патогенді стафилакоккты және басқа бактерияларды тасымалдаушы хирургиялық және босану бөлмесіндегі қоздырғыштардың пішінделуі яғни көбеюі.

3. Асептика принципінің бұзылуы: стерильденбеген құралдарды қолдану, бір реттік инелердің жетіспеушілігі.

Ауруханаішілік инфекция

Ауруханаішілік инфекция - стационардағы науқастарда немесе оларды күтіп және емдеп жүрген медицина қызметкерлерінде дамидытын инфекциялық аурулар.

Мысалға. тұмау, вирусты және В және С гепатиттері, т.б.

Нозокомиальды инфекциялар - бұрын соңды инфекцияланбаған адамдарға аурухана ішінде жұқтырылған инфекция.



Ауруханаішілік инфекцияның көзі

Ауруханаішілік инфекцияның көзі – жұқпалы аурудың инкубациялық кезеңінде госпитальда жатқан науқастар, жұқпалы аурулармен бұрын ауырған науқастар, науқастар арасындағы патогенді микробтарды тасымалдаушылар, сондай-ақ қызметкерлер мен науқастың туысқандары.

Қоздырғыш жайылып кетуіне байланысты оның организмнен таралуы әртүрлі мүшелер мен тіндерден, тыныс алу жолдарымен, асқазан-ішек жолдарымен, несеп шығару жолдарымен жүруі мүмкін.

Аурухана ішілік инфекцияның клиникалық жіктелуі.

- Аурухана ішілік инфекцияның клиникалық жіктелуі Қоздырғышына байланысты: облигатты-патогенді және шартты патогенді.
- Ағымының ұзақтығы мен ерекшелігіне байланысты: жедел, жеделдеу, созылмалы.
- Ауырлығына байланысты: ауыр, орташа ауырлықта және жеңіл түрі.
- Таралуына байланысты: Жайылмалы инфекция: бактериемия (виремия, микемия), сепсис, септикопиемия, ИТШ.
- Жергілікті инфекция: тері және тері асты инфекциясы.
- респираторлы инфекция.
- көз инфекциялары.
- ЛОР- ағзалар инфекциясы.
- стоматологиялық инфекциялар.
- аскорыту жүйесі инфекциялары.
- урологиялық инфекциялар.
- жыныс жүйесінің инфекциялары.
- сүйек және буындар инфекциясы.
- ОЖЖ-сі инфекциялары.
- жүрек қантамыр жүйесі инфекциялары.

АИИ орналасуына қолайлы жерлер

- Медициналық мекемелерде қолайлы болып табылатын бұйымдар: резеңкеден жасалған (катетер, дренаж түтіктер), су және антисептиктер қолданылатын аспаптар (дистиллятор, ингалятор, ионизатор, т.б.), жасанды тыныс аппараты, құралдар.
- Адам ағзасында орналасуына қолайлы болып табылатын жерлер: тері мен жұмсақ тканьдер, зәр шығару жолдары, ауыз қуысы, мұрын-көмей, қынап, ішек.

АИИ тудыратын негізгі қоздырғыштар:

Бактериялар

- Стафилококк
- Стрептококк
- Көкшіл ірің таяқшасы
- Энтеробактерия
- Эшерихия
- Сальмонелла
- Шигелла
- Иерсиния
- Листерия
- Капилобактерия
- Легионелла
- Клостридия

Вирустар

- Вирусы ВГВ, ВГС және ВГД
- ВИЧ
- Тұмау вирусы
- Корь вирусы
- Эпидемиологиялық паротит
- Ротовирус
- Энтеровирус
- Норвоин вирусы

Қарапайымдылар


- Пневмоцисталар
- Криптоспоридиялар

Грибы

- *Кандида Аспергилла

Аурухана ішіндегі инфекциялардың жұғу жолдары

- Ауа-тамшылы, ауа-шанды
- тікелей қарым-қатынас,
- тұрмыс заттары арқылы
- тағамдар арқылы



АІЖ резервуары




(көзі) болып табылады:

- персоналдың қолы;
- ішек, несеп-жыныс жүйесі, мұрын-көмей, тері, шаш, персоналдың да, пациенттің де ауыз қуысы;
- қоршаған орта: персонал, шаң, су, азық тағамдар;
- құралдар;
- аспаптар;
- дәрілік заттар, т.б.

Аурухана ішіндегі инфекциялардың жүгу механизмдері:

- **Аэрозольдық**
- **Қатынас**
- **Фекальді – оральдық**
- **Артифициалдық (жасанды)**



Аурухана ішіндегі инфекциялар пайда болуына эпидемиялық процестің 3 буынының болуы қажет

Қоздырғыш

**Қоздырғыштың
беріліс әдісі**

*Инфекцияны
қабылдайтын адамның
аздасы*



**АИИ-дың ішінде
кең таралғандар:**



пробиотики

**1. Зәр шығару жүйесінің
инфекциялары**

2. Іріңді - қабыну инфекциялары

3. Бактериемиялар

**4. Тыныс жолдарының
инфекциялары**

5. Тері инфекциялары

Ауруханаішілік инфекцияның алдын-алуы.

Қазіргі таңда экзогенді инфекцияның ауа-тамшылы, жанасу арқылы және имплантациялық түрлерінің алдын алуы үшін нақты мәліметер анықталды. Бұл шаралардың негізгі мақсаты – инфекцияның жараға және организмге түспеуін қамтамасыз ету. Экзогенді инфекцияны барлық жағдайда алдын-алуға болады және ол медицина қызметкерлерінің білімі мен біліктілігіне байланысты.

Асептика

Асептика

- Ауру қоздырғыштарының науқас мүшелеріне және қуыстарға түсіп кетуін болдырмау (ағзаға немесе жараға инфекция түсуінің алдын алуға бағытталған шаралар жиынтығы).

Вирулентті микроағзалар

- Ауру тудыратын микроағзалар.

Антисептика

Антисептика

Терідегі немесе басқа да тіндердегі қауіпті микроағзалардың өсіп көбеюін тоқтату немесе жою (ағзаға немесе жараға түскен инфекцияны жоюға бағытталған шаралар жиынтығы).

Патогендік


- Микроағзалардың ауру тудыру қабілеті.

Антисептика

- **Антисептика** деген сөздің түсінігі: грек тілінде **«анти»** - **«қарсы»** деген сөз (мысалы, антиимпериалистическая борьба – империализмге қарсы күрес) және **«септикос»** - **«іріп шіру»** деген сөз.

Толығырақ айтсақ, **антисептика** дегеніміз – іріп-шіруге қарсы күрес немесе іріп-шіруге жол бермейтін әдіс Антисептика ұғымына әртүрлі мағына берілетінін де білеміз.

Бактериофаги (ныне просто фаги) - вирусы бактерий



Ауруханаішілік инфекцияның дамуы

Негізгі аурудың әсерінен организмдегі резистенттіліктің төмендеуімен оперативті кедергілердің, қансыраудан, сондай-ақ микробтардың антибиотиктерге резистентті штамдарының пайда болуынан, иммуннодепресанттармен емделгенде және тағы басқа жағдайда дамиды.

Ауруханаішілік инфекцияның нозологиялық формаларына мыналар тіркеледі: сепсис, остеомиелит, менингит; тері және теріасты өзектерінің аурулары (пиодермия, абцесс, флегмона); омфалит, конъюнктивит, эндометрит, уретрит, цистит, пиелонефрит, пневмония, жедел ішек инфекциялары (гастроэнтерит, колит) операциядан кейінгі жаралық инфекция; инъекция енгізгеннен кейінгі асқынулар; басқа да инфекциялық аурулар (қызылша, вирусты гепатит, АИВ-инфекциясы және тағы басқа).

► Аурухана ішілік инфекция бұл бүкіл әлемде күрделі мәселе тудырып отыр. Мысалы, АҚШ-та АИИ-дан жыл сайын 90 мың американдық өледі. Германияда жыл сайын 450-650 мың госпиталды инфекция жағдайы тіркеліп, оның шығыны 3 млрд еуроны құрап отыр. Францияда 2001 жылы 4 млн астам ауруханада емделу күндерді болуын, яғни науқасты емдеудегі артық қаржы кетудің себебін медицина қызметкерлерінің «қолдарын дұрыс жұмауынан» деп есептейді.

Инфекция қоздырғыштары инфекция қорында (көзінде) болады.
Аурухана ішілік (госпитальді) инфекцияның қоры болып табылады:

Персоналдың қолы;

Ішек, зәр шығару жүйесі, мұрын-жұтқыншақ, тері, шаш, ауыз қуысы пациенттің де, персоналдың да;

Қоршаған орта: персонал, шаң, су, тамақ өнімдері ;

Құралдар;

Жабдықтар;

Дәрілік заттар және т.б.

АИИ-ның таралу механизмі.

АИИ-ның таралуында маңызды роль атқаратын инфекцияның аэрозольді (ауа-тамшылы), тұрмыстық-қатнас және жасанды, сонымен қатар қанмен және басқа биологиялық сұйықтықтармен жанасқанда жұғу механизмі бар.

АИИ-ны алдын-алудағы қауіпсіздік және қадағалау шаралары.

Стационардағы қызметкерлердің екінші жұмыс киімдер жиынтығы болу қажет: халаттар, аяқ киім және басқа да санитарлы киімдер күнделікті ауыстырып отыруға жеткілікті болу керек. Олар арнайы жеке шкафтарда сақталынады. Кірлеген жағдайда шұғыл түрде ауыстырып киетін санитарлы киімдердің жиынтығы бар болуы қажет.

Аурухана ішілік инфекцияларға (АИИ) пациент ауруханаға түскеннен бастап оған жұғатын немесе көмекке келген кезде ауру симптомдарының байқалуынсыз ауруханада жатқанда немесе шығарылған кезде байқалатын клиникалық анықталынған кез келген ауру.

АИИ-ның басқа да атауы бар: госпитальді, нозокониальді. АИИ-ға жататын аурулардың көпшілігі медициналық араласумен байланысты. АИИ-ның шамамен 85%-ы іріңді-септикалық инфекция (ИСИ), 6-7%-ы вирусты гепатиттер В,С,Д; клиникалық инфекциялар -7-8%; соның ішінде 80% жағдайда –сальмонелез.

АИИ-ның пайда болуына әсер ететін факторлар:

Организмнің қарсы тұру қабілетінің төмендеуі;

Штаммдары антибиотикке төзімді микроорганизмдердің таралуы ;

Пациентті күту кезінде инфекциялық қауіпсіздік ережелерін сақтамау ;

Инвазивті манипуляциялардың (организмдегі тіннің бүтіндігін зақымдайтын) көбеюі;

Емдеу - алдын-алу мекемелерінің адамға толуы;

Құрал-жабдықтардың ескіруі және т.б.

Қорытынды

- Медицина қызмекерлерін вакцинациялаудың инфекцияның алдын алуда орны ерекше: мысалы гепатит В, қызылша, эпидемиялық паротит, қызамық, полиомиелит, іш сүзегі сияқты сырқаттарға қарсы вакцинацияны медицина қызметкерлері толықтай жоспарлы түрде алу керек. Қызметкердің тазалығы. күнделікті жұмыстан шығарда душқа не ваннаға жуынуы, шаш пен тырнағының жинақылығы, халатының тазалығы, маскалық тәртіпті ұстану, жөтелу не түшкіру кезінде басын адамнан басқа жаққа қаратуы, әжетханаға барғаннан кейін қолын жуу сияқты күнделікті әдеттерді жадыда сақтау керек.